

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Халықаралық балалар кітап күні»

Өткізген: Д.Ә.Тлесова.

2025-2026 ЖЫЛ

## 2 Сәуір - Халықаралық балалар кітап күні

2 Сәуір - Халықаралық балалар кітабы күніне орай Мектепалды даярлық тәрбиеленушілері

Ауыл кітапханасына барып тәрбие сағатына қатысты .

Халықаралық кітап күніне орай Қызылоба модельді балалар кітапханасымен бірлесе «Кітап Асыл қазына» атты әдеби дефиле өтті.

Іс-шараның мақсаты: Кішкентай оқырмандарға

білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі

маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген

қызығушылығын арттыру. Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету.

**Ән:** Ұран

**Тақпақтар**

**Жанай:** Білім алар көп адам

Жақсы нәрсе жоқ одан.

Қызыға кеп оқимын

**Асылым:** Кітап көрсем жаңадан.

Кітап – маған ұнады,

Кітап - білім бұлағы.

Кітапханашы апай «Ай, Әтеш, Күн» ертегісін айтып берді

**Тақпақтар**

**Ислам:** Кетпейді ешбір жадымнан

Тастамай сені жанымнан

Қолтықтап жүрдім ұдайы.

Кітап – білім бұлағы

**Сафия:** Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,

Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.

Жеткізіп өткендердің өсиетін,

Шешіліп кейде достай сырласады.

**Ән:** Кітаптар

**Тақпақтар**

**Шапағат:** Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл, терең білуге.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге.

Нұртөре: Кітабың – сенің құралың,  
Жағар білім шырағын.  
Баса алмайсың ешқашан,  
Онсыз алға бір адам.

Хор: Жетіген

Кітап адам өміріне аса маңызды рол атқарады. Отанды сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Оны оқиды, одан тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге алады. Сондықтан да біз кітапты сүйеміз. Кітап - біздің досымыз! - дейміз. Ол - біздің рухани жан азығымыз! - дейміз.

Біздің елімізде көптеген дәстүрлі мерекелер бар. Олар біздің салт - дәстүрімізді, тарихымызды жаңғыртып отырады. Ал кітап дүние жүзі көлемінде аталып өтетін маңызы өте жоғары рухани байлық болып табылады. 2 – сәуір - «Халықаралық балалар кітабы күні» және 23 сәуір - «Дүниежүзілік кітап күні» болып табылады.